

«Мен еңбекқор баламын»

Мақсаты:

Балаларды еңбекке баулу, қарапайым еңбек әрекеттеріне қызығушылығын қалыптастыру, еңбекке деген оң көзқарасын қалыптастыру және еңбек нәтижесін бағалай білуге тәрбиелеу.

Міндеттері:

- еңбектің адам өміріндегі маңызы туралы түсінік қалыптастыру;
- өзіне-өзі қызмет ету және тұрмыстық еңбек дағдыларын жетілдіру;
- ұқыптылыққа, жауапкершілікке және еңбекқорлыққа тәрбиелеу;
- үлкендердің еңбегін құрметтеуге, құрдастарымен бірлесіп еңбек етуге баулу;
- табиғатқа қамқорлық жасауға және еңбек мәдениетін сақтауға үйрету.

Тақырыптық анықтама:

Іс-шара барысында балалар еңбек туралы ертегілер мен әңгімелер тыңдап, мақал-мәтелдер жаттайды, дидактикалық және қимылды ойындарға қатысады. Топ бөлмесін ретке келтіру, ойыншықтарды жинау, гүлдерге су құю, табиғат бұрышындағы өсімдіктерге күтім жасау сияқты қарапайым еңбек әрекеттерін орындайды. Сонымен қатар еңбекке байланысты шығармашылық жұмыстар ұйымдастырылып, балалар өз тәжірибелерімен бөліседі. Іс-шара арқылы еңбектің адам өміріндегі маңызы түсіндіріліп, еңбекқорлық, ұқыптылық, жауапкершілік, ұйымшылдық және өзгенің еңбегін құрметтеу сияқты адамгершілік қасиеттерді дамыту көзделеді. Соңында балалардың белсенділігі бағаланып, еңбекке деген ынтасы мадақталады.

